

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қаңтар N 100 қаулысы. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым ставкаларының 1-тарауы 1-тармағының 8-1) тармақшасын қоспағанда күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.19. N 610 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі), "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым ставкалары бекітілсін.

2. "Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензия алымын төлеудің тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 127 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 28, 337-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Мемлекеттік органдар бір ай мерзімде бұрын қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

4. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалар үшін және 2002 жылғы 31 қаңтардан бастап жеке тұлғалар үшін күшіне енеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.04.16. N 434 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2 4

қ а ң т а р д а ғ ы

N

1 0 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым ставкалары

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.04.16. N 434 , 2002.07.17. N 794 , 2003.08.20. N 833 , 2003.10.02. N 1018 , 2004.03.04. N 269 , 2004.08.11. N 842 , 2004.08.13. N 860 , 2004.11.25. N 1233 , 2005.06.22. N 613 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2005.07.25 N 773 , 2005.07.27 . N 779 , 2005.08.19. N 853 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.08.24. N 867 , 2005.09.02. N 893 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 205.10.21. N 1057 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2005.12.02. N 1192 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.12.22. N 1270 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2005.12.31. N 1334 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2006.03.15. N 168 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.05.11. N 380 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2006.09.28. N 931 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2006.12.29. N 1311 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.02.19. N 125 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қ а у л ы л а р ы м е н .

Лицензияланатын қызмет түрлері

!Лицензиялық
! а л ы м
! ставкалары,
! айлық есеп.
! тік көрсет.
! кіштермен

1

2

1-тарау. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялар беру кезінде алынатын лицензиялық алым ставкалары

1. Азаматтар мен заңды тұлғаларға қызмет көрсетуге байланысты қызметті лицензиялау үшін лицензиялық алым
с т а в к а л а р ы :

- 1) жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім; кәсіптік бастауыш, оның ішінде кәсіптер бойынша білім; кәсіптік орта, кәсіптік жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік, оның ішінде мамандықтар бойынша білім беретін заңды тұлғалардың білім беру қызметі, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың қ ы з м е т і ; 10

- | | |
|---|---------|
| 2) білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар мен қосымша оқу әдебиетін басып шығару жөніндегі қызмет; | 10 |
| 3) медициналық, дәрігерлік қызметтен айналысу; мал дәрігерлік қызметпен айналысу; | 10
6 |
| 4) мемлекеттік емес субъектілердің тыңшылық (детективтік) қызметке байланысты заң қызметтерін көрсетуі; | 6 |
| 5) адвокаттық қызмет; | 6 |
| 6) <i>(а л ы н ы п т а с т а л д ы)</i> | |
| 7) нотариустар қызметі; | 6 |
| 8) лотереялар (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа) ұйымдастыру және өткізу; | 10 |
| 8 - 1) <i>(а л ы н ы п т а с т а л д ы)</i> | |
| 9) мүлікті бағалау жөніндегі қызмет; | 6 |
| 10) заңды және жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруы . | 6 |
| 11) білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызмет көрсетулер жөніндегі қызмет: заңды тұлғалар үшін жеке тұлғалар үшін | 10
5 |

2. Қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті лицензиялау үшін лицензиялық алым

ставкалары:

- | | |
|--|---------------|
| 1) банк операцияларын, сондай-ақ банк заңнамасына сәйкес банктер жүзеге асыратын өзге де операцияларды жүзеге асыру ; клирингтік және есеп айырысу ұйымдарының қызметі ; | 80(40)*
40 |
| 1-1) кредиттік бюро қызметі | 40 |
| 2) аудиторлық қызмет; | 10 |
| 3) "өмірді сақтандыру" саласындағы және "жалпы сақтандыру" саласындағы қызмет; | 50 |
| қайта сақтандыру жөніндегі қызмет; | 20 |
| сақтандыру брокерлерінің қызметі; | 30 |
| сақтандыру рыногындағы актуарийлік қызмет; | 5 |
| 4) бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың | 10 |

- | | |
|--|----|
| өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметі; | |
| 5) зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызмет; | 10 |
| 6) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет ; | 10 |
| 7) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет ; | 10 |
| 8) инвестициялық қор қызметі. | 10 |

3. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялар қызметін лицензиялау үшін лицензиялық алым ставкалары:

- | | |
|--|--|
| 1) қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауда жасау және қызметтер көрсету ; | 10 |
| 2) резиденттердің өздері тіркелген мемлекеттер заңнамасы бойынша тиісті құқығы бар шетел банктері мен өзге де қаржы институттарында шоттар (Қазақстан Республикасының валютасындағы шоттарды қоса алғанда) ашуы ; | 10 |
| 3) резиденттердің шет елге инвестициялары (банктердің брокерлік-дилерлік қызметін қоспағанда); | 10, бірақ операция сомасынан аспайды |
| 4) резиденттердің резидент еместер пайдасына жылжымайтын мүлікке мүліктік құқықтарын төлеуге | 10, бірақ операция аударымдары ; сомасынан аспайды |
| 5) резиденттердің резидент еместер пайдасына 120 күннен астам мерзімге тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін, сондай-ақ тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) экспортына валюталық түсімді алу мерзімін | 10, бірақ операция сомасынан төленетін аспайды |
| резиденттердің тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) экспортқа шығарылған күннен бастап 120 күннен астам асырып жібергені үшін аванстық төлемді көздейтін импорттық мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін аударымдары; | |
| 6) резиденттердің резидент еместерге 120 күннен астам | 10, |

мерзімге несиелер беруі;

бірақ

о п е р а ц и я
с о м а с ы н а н
а с п а й д ы

7) резиденттің резидент еместен несие ретінде алған
шетел валютасын үшінші тұлғалардың есептеріне қосу.

10,

бірақ

о п е р а ц и я
с о м а с ы н а н
а с п а й д ы

4. Қауіптілігі жоғары және (немесе) ерекше маңызды мемлекеттік мәні бар объектілерге байланысты қызметті лицензиялау үшін лицензиялық алым

ставкалары:

- 1) қару-жарақ пен оның оқ-дәрілерін, әскери техникаларды, олардың босалқы бөлшектерін, құрауыш элементтерін және аспаптарын, егер олар басқа салаларда пайдаланылмайтын болса, сондай-ақ құрастыруды, оңдауды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу; ақпарат қорғаудың криптографиялық құралдарын, арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу; 22
- 2) жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды әзірлеу, өндіру және өткізу; 22
- 3) зымыран-ғарыш техникасын жасау, өндіру, пайдалану, жөндеу мен жетілдіру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жер үсті инфрақұрылымын (полигон, командалық-өлшеу кешені, қабырғалық база және басқалар) пайдалануды қоса алғанда, ғарыш кеңістігін пайдалану жөніндегі қызметтің барлық түрі; 186
- 4) почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы қызметтерді өндіру және ұсыну, теледидар және дыбыстық (радиохабарлар) бағдарламаларды тарату жөнінде қызметтер көрсету, байланыстың жалпы республикалық магистральдық, халықаралық желілерін жобалау, салу, пайдалану және радиожиілік спектрін 6

п а й д а л а н у ;

- 5) атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет түрлері, оның ішінде :
атом энергиясын пайдалану объектілерін орналастыру, 230
жобалау, құру, пайдалануға беру, пайдалану, қайта құру,
консервациялау және пайдаланудан шығару;
радиоактивтік қалдықтармен жұмыс істеу; 230
ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды 230
физикалық қорғау ;
ядролық және радиациялық қауіпсіздікті бақылау 100
жөніндегі қызметтер ;
радиоэкологиялық зерттеулер мен радиациялық 100
сауықтыру жөнінде жұмыстар жүргізу;
ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды 50
Қазақстан Республикасы аумағының шегінде
тасымалдау (транзитті қоса);
ядролық жарылыстар өткізілетін орындардағы 50
қызметтің барлық түрі ;
атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет 10
үшін қызметкерлер, мамандар даярлау және оларды
аттестаттау ;
- 6) құрамында арнайы қорғану құралдарын қолданбай-ақ 200
пайдалануға жол берілетін нормадан артық мөлшерде
радиоактивті заттар бар өнімді дайындау және өткізу;
- 7) электр және жылу энергиясын өндіру, беру және 10
бөл у ;
- 8) электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу; 10
- 9) босаған әскери-техникалық құралдарды жою (күрту, 22
кәдеге жарату, көму) және ұқсату;
- 10) жарылу-өрттену қаупі бар және кен өнеркәсібі 10
өндірістерін, электр станцияларды, электр желілері мен
көмекші станцияларды, гидротехникалық құрылыстарды,
магистральды газ, мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш
құрылыстарды, сондай-ақ қысым күшімен жұмыс істейтін
қазандықтар, түтіктер мен өткізгіш құбырларды және
мұнай мен газ бұрғылау жұмыстарын жобалау, салу және
п а й д а л а н у ;
- 11) химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, 10
геологиялық барлау, кен-шахта, металлургия, энергетика

- жабдықтарын, жарылыстан қорғанышты электротехникалық жабдықтарды, бақылау, аварияға қарсы қорғау және белгі беру аппаратуралары мен жүйелерін, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қысым күшімен жұмыс істейтін қазандықтарды, түтіктер мен өткізгіш құбырларды жобалау, дайындау, құрастыру және жөндеу;
- 12) азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның оқтарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның оқтарын, суық қаруды өндіру, жөндеу, сату; азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның оқтарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның оқтарын, суық қаруды сатып алу және сәнге жинау; азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның оқтарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның оқтарын, суық қаруды жасау, көрмеге қою; азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды жасау, сату, сәнге жинау; азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды өндіру, сатып алу, көрмеге қою; химиялық өзін-өзі қорғау құралдарын сату, сатып алу, сәнге жинау; химиялық өзін-өзі қорғау құралдарын жөндеу, көрмеге қою; химиялық өзін-өзі қорғау құралдарын жасау, өндіру;
- 13) тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыстық объектілерге газ жүргізу жөніндегі өндіру, жөндеу және құрылыс жұмыстары;
- 14) күзет, өрт дабылын беру және өртке қарсы автоматика құралдарын жобалау, құрастыру, оңдау және техникалық күтім жасау; өртке қарсы техниканы, жабдықтарды және өртке қарсы қорғану құралдарын өндіру;
- 15) жолаушылар лифтілерін құрастыру, жөндеу және оларға күтім жасау;
- 16) дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындау, өндіру, өңдеу және көтерме өткізу, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызметтер түрлері;
- 17) рентген жабдығын, радиоактивті заттар мен изотоптар пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру және өткізу;

- 18) жолаушыларды және жүктерді тасымалдау: 3
темір жол, өзен, теңіз көлігімен; 15
әуе көлігімен; 3
жолаушыларды және жүктерді автомобиль көлігімен 3
халықаралық тасымалдау;
қауіпті жүктерді және барлық көлік түрімен 3
тасымалдау;
авиациялық жұмыстар; 15
- 19) әуежай қызметі, соның ішінде: 10
азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, шығару
және оларға қызмет көрсету, теңдеме жүктерді, жүктерді,
почтаны өңдеу, оларды тексеру және бақылау;
әуеайлақ, әуежай, аэронавигация объектілерін ұстау, жөндеу
және пайдалану;
әуежайдың авиациялық қауіпсіздігі қызметі, бақылау
аймағында бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету және
өртке қарсы қамтамасыз ету;
азаматтық әуе кемелерінің ұшуын жарық-техникалық
қамтамасыз ету және әуежай, әуеайлақ, аэронавигация
объектілерін энергиямен жабдықтау;
азаматтық әуе кемелерін, әуежай қызметтерінің объектілерін
жанар-жағармай материалдарымен және арнайы
сұйықтармен қамтамасыз ету, олардың сапасын бақылау;
азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға және басқа да
тұтынушыларға арнайы автокөлік құралдарын ұсыну;
әуежайларда және азаматтық әуе кемелерінде
жолаушыларды, экипажды тармақпен қамтамасыз ету;
жолаушыларға, экипажға, халыққа азаматтық авиация
саласындағы қажетті деректермен ақпараттық-анықтамалық
қызмет көрсету
- 19-1) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету
және оны жөндеу жөніндегі қызмет көрсетулер 10
- 20) ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын, 9
ақпаратты өңдеудің қорғалған техникалық құралдарын
әзірлеу, дайындау, құрастыру, оңдау, пайдалану,
сақтау, жөндеу және оларға сервистік қызмет жасауды
қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік
құпияларын техникалық қорғау жөніндегі қызметтің
барлық түрі;

21) жерге орналастыру, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізу;	10
22) емдік препараттар дайындау және өткізу (жануарлардың, құрамында есірткі және психотроптық заттар жоқ өсімдіктер мен шөптердің емдік өнімдерін өсіру, жинау және сатудан басқа);	10
23) минералдық шикізатты қайта өңдеу;	10
24) жобалау-ізвестіру, сарапшылық, құрылыс-монтаж жұмыстары, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру жөніндегі жұмыстар;	10
24-1) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тарту есебінен тұрғын жайлар салуды ұйымдастыру жөніндегі қызмет;	10
25) өлшеу құралдарын өндіру және жөндеу;	10
26) этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіру;	36
алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) сақтау және өткізу;	14
алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) бөлшек өткізу;	10
27) алынып тасталды	
28) шетелдік жұмыс күшін тарту, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шет елдерге шығаруға байланысты қызмет;	10
29) заңды тұлғалардың түсті және кара металдар сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі;	10
30) сот-сараптама қызметі;	6
31) археология және тарих пен мәдениет ескерткіштерін жаңғырту жұмыстары;	10
32) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымына байланысты қызмет:	
әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, бөлу, өткізу, пайдалану, жою;	20
құрамында есірткі және психотроптық заттар бар өсімдіктер мен шөптерді өсіру, жинау, дайындау;	20
33) астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жөнелту;	10
34) туроператорлық, турагенттік қызмет; туризм нұсқаушысының қызметтері;	10
35) қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын темір	4

жол жылжымалы құрамын жасау және жөндеу; арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу	
36) жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, құрастыру, жөндеу және пайдалану;	5
37) іздестіру-құтқару, кендік құтқару, газдан құтқару, атқыламаға қарсы жұмыстар;	4
38) банкроттық рәсімдерінде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі қызмет;	10
39) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша уларды өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану және жою.	10
39-1) кемелерге, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты теңіз және өзен порттарының қызметі	10
40) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), сату және қолдану жөніндегі қызмет	10
41) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызмет	10
42) арнайы су пайдалану, соның ішінде: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика, балық шаруашылығы және көлік мұқтаждары үшін жерүсті су объектілерінен тәулігіне елу текше метрден астам көлемде су алу және пайдалану; кеме қатынасынан басқа қайталама су пайдаланушыға жерүсті су объектілерінен су алу және беру	100
43) мұнай өнімдерін өндіру	500
44) темекі өнімдерін өндіру	500
45) электронды цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электронды цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің шынайылығын растау жөніндегі қызмет	25
46) <i>(алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 613 қаулысымен)</i>	
47) экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалау, нормалау және жұмыстар	20
48) шаруашылық қызметтен экологиялық қауіпті түрлері	50
49) экологиялық аудиторлық қызмет	50
50) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Қазақстан	

Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау жөніндегі қызмет 10

51) шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу 10

5. Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспортын 11990** және импортын лицензиялау үшін лицензиялық алым ставкалары

2-тарау. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу Лицензия беру құқығы үшін лицензиялар телнұсқасын беру кезінде кезіндегі алынатын лицензиялық алым ставкалары лицензиялық алым ставка.

сының 100%-ы

тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспорты мен импортына лицензиялардың телнұсқасын бергені үшін лицензиялық алым ставкалары 1115***

3-тарау. Лицензияларды қайта рәсімдеу үшін Лицензия беру лицензиялық алым ставкалары кезіндегі

лицензиялық алым ставка. сының 10%-ы, бірақ 4 АЕК -

тен аспайды

тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспорты мен импортына лицензияларды қайта рәсімдеу үшін лицензиялық алым ставкалары 1115****

* Банк операцияларына байланысты қызметті лицензиялау үшін лицензиялық алым ставкалары :

- екінші деңгейдегі банктер үшін - 80 айлық есептік көрсеткіш;
- банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін - 40 айлық есептік көрсеткіш.

** тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспорты мен импортын лицензиялағаны үшін лицензиялық алым ставкалары 11990 теңгені құрайды.

***тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспорты мен импортына лицензиялардың телнұсқасын бергені үшін лицензиялық алым ставкалары 1115 теңгені құрайды.

****тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспорты мен импортына лицензияларды қайта рәсімдеу үшін лицензиялық алым ставкалары 1115 теңгені құрайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК